



**«БЕКІТЕМІН»**  
**«ОҚМА» АҚ ректоры**  
**Сейтжанова Ж.С.**  
**2025 ж.**

**«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ**  
**РЕЗИДЕНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Е 471-2025**

| Күні | Көшірме | Басылым  |
|------|---------|----------|
|      |         | төртінші |

**Шымкент**

**1 «ОҚМА» АҚ Резидентура деканаты ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

|                                                                                                           |  |                                                                                             |                                                                                                      |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <div>ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br/>MEDISINA<br/>AKADEMIASY<br/>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</div> |  | <div></div> | <div>SOUTH KAZAKHSTAN<br/>MEDICAL<br/>ACADEMY<br/>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</div> |  |
| Резидентура деканаты                                                                                      |  |                                                                                             | Е 471-2025                                                                                           |  |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                        |  |                                                                                             | 4-ші басылым<br>2 беттің 24 беті                                                                     |  |

## 2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ

Тексеру кезеңділігі – 3 жыл

**МАЗМҰНЫ**

|                                                                                                                          |  |                                                                                                                     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| Резидентура деканаты                                                                                                     |  | Е 471-2025                                                                                                          |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                       |  | 4-ші басылым<br>3 беттің 24 беті                                                                                    |

|    |                                                                                                                |    |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1  | НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....                                                                                    | 4  |
| 2  | ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....                                                                                 | 5  |
| 3  | БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....                                                                                  | 6  |
| 4  | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....                                                                                            | 7  |
| 5  | РЕЗИДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ.....                                                            | 9  |
| 6  | РЕЗИДЕНТТЕРДІҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР....                                                        | 10 |
| 7  | РЕЗИДЕНТУРАДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....                                                        | 12 |
| 8  | КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЛІМГЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ПОҚ-ға<br>ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....                                                | 14 |
| 9  | РЕЗИДЕНТТЕРГЕ БАСШЫЛЫҚ.....                                                                                    | 15 |
| 10 | РЕЗИДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....                                                                   | 15 |
| 11 | АҒЫМДАҒЫ, АРАЛЫҚ, ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЛАРДЫ<br>ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТТІ<br>БАҒАЛАУ.....  | 15 |
| 12 | РЕЗИДЕНТ ДӘРІГЕРДІ КУРСАН КУРСҚА АУЫСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....                                                       | 19 |
| 13 | РЕЗИДЕНТ ДӘРІГЕРДІ АҚЫЛЫ ОҚУ НЕГІЗІНЕН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ<br>БЕРУ ТАПСЫРЫСЫНЫҢ БОС ОРНЫНА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ..... | 19 |
| 14 | РЕЗИДЕНТТЕРДІ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ.....                                                                       | 20 |
| 15 | РЕЗИДЕНТ ПОРТФОЛИОСЫ.....                                                                                      | 22 |
| 15 | РЕЗИДЕНТТЕРДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ<br>ЖӘНЕ ӨТУ.....                                             | 23 |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA<br/> AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> <p style="text-align: center;">  </p> <p style="text-align: center;"> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL<br/> ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |                                  |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Е 471-2025                       |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 4-ші басылым<br>4 беттің 24 беті |

## 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (03.03.2026 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)

-«ОҚМА» АҚ Академиялық саясаты 11.09.2024 ж.

-«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің 222-бабының 1-тармағы;

-«Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы - ҚР ДСМ 2024 жылғы 21 маусымдағы № 27 бұйрығы;

-«Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

-«Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

-«Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қаулысы;

-«Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы.

|               |                                                         |
|---------------|---------------------------------------------------------|
| ISO 9000:2015 | Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік. |
| ISO 9001:2015 | Сапа менеджменті жүйелері.                              |
| СБ 001-2024   | Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.                    |
| СТ 004-2024   | Қызметтік құжаттарды басқару.                           |
| СТ 007-2024   | Жазбаларды басқару.                                     |
| СТ 008-2024   | Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару.                  |
| СТ 010-2024   | Басшылық тарапынан талдау.                              |
| СТ 020-2024   | Ішкі аудит.                                             |
| СТ 023-2024   | «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім       |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
| <p>ONTÜSTIK-QAZAQSTAN<br/>MEDISINA<br/>AKADEMIASY<br/>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>  <p>SOUTH KAZAKHSTAN<br/>MEDICAL<br/>ACADEMY<br/>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |                                  |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                                                                                                                                    | Е 471-2025                       |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                                                                                                                      | 4-ші басылым<br>5 беттің 24 беті |

беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

## 2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады.

**Академиялық саясат** - бағдарланған оқыту туралы тәжірибелерді іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау және басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі.

**Резидентура базасы** - денсаулық сақтау министрі белгілеген тәртіппен резидентура бағдарламасын немесе оның бір бөлігін іске асыруға құқық алған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының немесе денсаулық сақтау ұйымының клиникасы.

**Резидент дәрігер** - резидентураның білім беру бағдарламасы шеңберінде оқитын және клиникалық тәлімгердің қадағалауымен медициналық ұйымда жұмыс істейтін дәрігер.

**Резидентура тыңдаушысының жеке оқу жоспары (бұдан әрі-ЖОЖ)** - резидентура тыңдаушыларына арналған резидентураның білім беру бағдарламасы негізінде ғылыми жетекшінің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары болып табылады.

**Біліктілік-алынған мамандық пен мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін орындауға дайындық деңгейі.**

**«ОҚМА» АҚ клиникалық кафедрасы** - білім алушыларды практикалық даярлауды іске асыратын және емдеу жұмыстарын жүзеге асыратын клиникалық базаларда (медициналық ұйымдарда, медициналық қызметті жүзеге асыратын ғылым мекемелерінде) орналасқан құрылымдық бөлімше.

**Клиникалық базалар** - медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық бөлімшелері (клиникалары), сондай-ақ медициналық білім беру ұйымдарымен шарттар бойынша Медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау үшін тиісті жағдайлар ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдары.

**Клиникалық тәлімгер** - резидентура тыңдаушысына қажетті практикалық дағдыларды меңгеру үшін бекітіліп берілген, кафедралардың (бөлімдердің) немесе бірінші немесе жоғары біліктілік санатындағы практикалық денсаулық сақтау қызметкерлерінің профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан тағайындалатын, медициналық білім беру саласында тиісті даярлығы бар тұлға.

**Академиялық тәлімгер** - резиденттерге консультациялық, әдістемелік, оқу көмегін көрсету үшін кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамынан тағайындалатын тұлға.

**Құзыреттілік** - оқыту процесінде алған білімін, біліктілігін, дағдыларын кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті.

|                                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> <small>ONTÜSTIK-KAZAQSTAN</small><br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> <small>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</small> </p> |  | <p style="text-align: center;"> <br/> <small>SOUTH KAZAKHSTAN</small><br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> <small>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</small> </p> |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                               |  | Е 471-2025                                                                                                                                                                                                                                                          |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                 |  | 4-ші басылым<br>6 беттің 24 беті                                                                                                                                                                                                                                    |

**Медициналық ұйым (бұдан әрі - МҰ) -** ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, медициналық қызметті негізгі қызмет түрі ретінде, білім алушыларды клиникалық даярлаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары әдістерімен жүзеге асыратын, сондай-ақ медициналық қызметтер көрсететін заңды тұлға.

**Резидентура -** мақсаты дербес клиникалық практикаға жіберу үшін тиісті мамандық бойынша дәрігердің кәсіби біліктілігін алу немесе өзгерту болып табылатын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру деңгейі.

**Клиникалық тәжірибе -** резиденттің тиісті қызмет саласында кәсіби білім мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған тұрақты оқу орнынан тыс қызметі.

### 3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылады:

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

МАК - мемлекеттік аттестаттау комиссиясы;

ЖЖЖ - жеке жұмыс жоспары;

ЖОМ - жеке оқу жоспары;

КБ - клиникалық база;

БӨҚ - бақылау-өлшеу құралдары;

МҰ - медициналық ұйым;

БББ - білім беру бағдарламасы;

ПОҚ - профессорлық-оқытушылық құрам;

ЖОБ - жұмыс оқу бағдарламасы;

ҚРБ - қабылдау рейтингін бағалау;

РӨЖ - резиденттің өзіндік жұмысы;

РОӨЖ - резиденттің оқытушымен өзіндік жұмысы;

ТСҰО - тәуелсіз сараптаманың ұлттық орталығы;

ОӨТЖ - оқу-әдістемелік тәрбие жұмысы;

ОӨО - оқу-әдістемелік орталығы;

ПОӘК - пәндердің оқу-әдістемелік кешені;

ҰЭО - Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы;

ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі;

ЖОО - жоғары оқу орны;

ЖОЖ - жеке оқу жоспары;

РБРБ - рұқсат беру рейтингін бағалау;

### 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

|                                                                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTIK-KAZAQSTAN<br/> MEDISINA<br/> AKADEMIASY<br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p style="text-align: center;">  SOUTH KAZAKHSTAN<br/> MEDICAL<br/> ACADEMY<br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| <p style="text-align: center;">Резидентура деканаты</p>                                                                                |  | <p style="text-align: center;">Е 471-2025</p>                                                                                                                                                                      |
| <p style="text-align: center;">«ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже</p>                                                                  |  | <p style="text-align: center;">4-ші басылым<br/>7 беттің 24 беті</p>                                                                                                                                               |

Резидентураға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Резидентурада кадрлар даярлау «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің 222-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен клиникалық мамандықтар тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

Резидентураның білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі – БББ) тізбесі Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.

Резидентураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі базалық медициналық білім, жоғары медициналық білім және интернатураның болуы болып табылады.

Резидентурада медициналық кадрларды даярлау күндізгі нысанда жүзеге асырылады, оқу мерзімі екі жылдан төрт жылға дейін.

Оқу процесін ұйымдастыру «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 27 бұйрығы сәйкес жүзеге асырылады.

Резиденттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығымен; «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

Резидентурада медициналық кадрларды даярлау мерзімі дәрігердің еңбек өтіліне және мамандық бойынша жұмыс өтіліне есептеледі. Резидентурада медициналық кадрларды даярлау медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде даярлауды қамтамасыз ететін аккредиттелген клиникалық базаларда жүзеге асырылады. Бұл ретте резидентурада медициналық кадрларды даярлау аудандық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдарында басталып, облыстық және Республикалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдарында аяқталады.

Резидентурада оқытуды ПОҚ және клиникалық тәлімгерлер (тәжірибелік денсаулық сақтау) жүргізеді.

|                                                                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br/> MEDISINA<br/> AKADEMIASY<br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p style="text-align: center;">  SOUTH KAZAKHSTAN<br/> MEDICAL<br/> ACADEMY<br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| <p style="text-align: center;">Резидентура деканаты</p>                                                                                |  | <p style="text-align: center;">Е 471-2025</p>                                                                                                                                                                      |
| <p style="text-align: center;">«ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже</p>                                                                  |  | <p style="text-align: center;">4-ші басылым<br/>8 беттің 24 беті</p>                                                                                                                                               |

Оқу жұмыс жоспарлары резидентура бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, резидент дәрігерлердің жеке жұмыс жоспарлары (Ү 471-01-2025), өкілеттік парағы (Ү 471-02-2025) әзірленеді және ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітіледі. Резидент дәрігердің жеке жұмыс жоспары кафедра отырыстарына бекітіледі (А-Ә қосымшасы).

Резидент таңдаған элективті пәндерді ескере отырып, мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған жеке оқу жоспары негізінде білім алады.

Оқу кезінде резидент дәрігер:

- жеке жұмыс жоспарын орындайды;
- бағдарламада көзделген аралық аттестаттауды, қорытынды аттестаттауды тапсырады.

Резидент-дәрігерлерді резидентура базалары бойынша бөлуді резидент-дәрігер жұмысының жеке жоспарына сәйкес резидентура деканаты және кафедралар бірлесіп жүзеге асырады.

Мамандықтар бөлімдері бойынша оқу жүктемесінің және клиникалық жұмыстың көлемі резидент - дәрігердің жеке жұмыс жоспарымен (бұдан әрі-ЖЖЖ) айқындалады.

Резиденттер оқу жылына 1 рет кафедра отырысында жеке жоспардың орындалуы туралы есеп береді.

Резидент дәрігерді бір оқу орнынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қалған оқу мерзіміне бос орынға ауыстыру Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректорының шешімімен демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

Аударма рәсімі «ОҚМА» АҚ академиялық саясатымен реттеледі.

Резидент дәрігерлерді басқа жоо-дан ұлттық жоо-ға немесе өзге жоо-ға ауыстыру білім алушылар білім беру тапсырысы құнының айырмасын қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын резидент дәрігерлерге стипендия төленеді.

Резидентурада даярлау резидент дәрігерлерді медициналық қызметтер көрсетуге жеке қатысуға және тәлімгердің қадағалауымен пациенттерге көмек көрсету жөніндегі қызмет үшін жауапкершілікке тарта отырып, теория мен клиникалық практиканы интеграциялау негізінде жүзеге асырылады. Дайындық барысында резидент дәрігердің дағдыларды, білім мен тәжірибені игеруіне қарай тәуелсіз жауапкершілігінің арту дәрежесі қамтамасыз етіледі.

Резидент-дәрігерді оқыту және қызмет көрсетуге тарту қызмет көрсетудің үш жақты шарты негізінде жүзеге асырылады: «ОҚМА» АҚ - резидентура базасы - резидент дәрігер.

|                                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> <small>ONTÜSTIK-KAZAQSTAN</small><br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> <small>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</small> </p> |  | <p style="text-align: center;"> <br/> <small>SOUTH KAZAKHSTAN</small><br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> <small>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</small> </p> |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                               |  | Е 471-2025                                                                                                                                                                                                                                                          |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                 |  | 4-ші басылым<br>9 беттің 24 беті                                                                                                                                                                                                                                    |

Резидентурада оқыту резидент-дәрігерге резидентура базасы мен «ОҚМА» АҚ тең жауапкершілікпен жұмыс орнын ұсынуды көздейді.

Резидент-дәрігерге оқу кезеңінде еңбек тәртібінің ережелері, «ОҚМА» АҚ резидентура базасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптары қолданылады.

Резидент дәрігерлерге академиялық кезеңдер арасында демалыс беріледі. Медициналық мамандықтар бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Резидентура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес бітіру курсын қоспағанда, оқу жылы ішіндегі каникулдардың ұзақтығы кемінде жеті аптаны құрайды.

Білім беру бағдарламасының сапасын бақылауды қорытынды аттестаттау нысанында - білім алушылардың білімі мен дағдыларына бағалау жүргізуге уәкілетті орган аккредиттеген ұйым жүзеге асырады.

Резидентурада оқуды аяқтаған резидент дәрігерлерге резидентураны бітіргені туралы куәлік және транскрипт беріледі.

Резидент-дәрігерлерді шығару «ОҚМА» АҚ академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Клиникалық практика - резиденттің тиісті қызмет саласында кәсіби білім мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған тұрақты оқу орнынан тыс қызметі.

- Клиникалық практикадан өту кезеңінде резиденттердің оқу орны сақталады.
- Клиникалық практикадан өту кезеңінде резиденттерге стипендия төлеу сақталады.
- Клиникалық практикадан өту тәртібі, шарттары мен мерзімдері тиісті шартпен айқындалады.

## **5 РЕЗИДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Резидентураға жалпы басшылықты және «ОҚМА» АҚ деңгейінде резидентура бағдарламаларын іске асырудың барлық аспектілерін жалпы бақылауды бірінші проректор жүзеге асырады.

Резидентура БББ іске асыруға және тиімділігіне жауапты құрылымдық бөлімше резидентура деканаты болып табылады.

Резидентура бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі мәселелерді шешу резидентура деканатының отырыстарында жүзеге асырылады.

Резиденттерді даярлауға тікелей басшылықты резидентура мамандығы бойынша ББ басшысы жүзеге асырады.

ПОҚ және клиникалық тәлімгер резидентті даярлауда және оны оқыту нәтижелері үшін ортақ жауапкершілікте болады.

Оқу жұмыс жоспарлары резидентура бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, резидент дәрігерлердің жеке оқу жоспарлары негізінде әзірленеді және ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді.

|                                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                               |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> <small>ONTÜSTIK-KAZAQSTAN</small><br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> <small>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</small> </p> |  | <br><small>SKMA</small><br><small>— 1979 —</small> | <p style="text-align: center;"> <small>SOUTH KAZAKHSTAN</small><br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> <small>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</small> </p> |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                               |  | Е 471-2025                                                                                                                         |                                                                                                                                                                               |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                 |  | 4-ші басылым<br>10 беттің 24 беті                                                                                                  |                                                                                                                                                                               |

Резидентура мамандығы бойынша БББ басшысы білім беру бағдарламасын әзірлейді, резидентураны бітірушінің негізгі құзыреттерін, оқытудың түпкілікті нәтижелерін резиденттерді оқытуды жүзеге асыратын басқа кафедралармен келісу кезінде айқындайды.

Резидентура мамандығы бойынша БББ басшысы білім беру бағдарламалары комитетінің шешімімен тиісті сертификаттары және мамандығы бойынша кемінде 5 жыл өтілі бар докторлар немесе ғылым кандидаттары немесе ассистенттер қатарынан тағайындалады (сирек жағдайларда клиникалық базалар бөлімшелерінде жұмыс істейтін практикалық денсаулық сақтаудың тәжірибелі өкілдері тартылады).

## **6 РЕЗИДЕНТ-ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Резидент-дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерінің негізінде айқындалады:

- пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;
- коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;
- қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;
- қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;
- зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті;
- оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.

## **7 РЕЗИДЕНТУРАДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

Резиденттерді даярлау төмендегі қағидаларға негізделеді:

- білім алушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды дараландыруға;

|                                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> <small>QNTÜSTIK-KAZAQSTAN</small><br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> <small>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</small> </p> |  | <p style="text-align: center;"> <br/> <small>SOUTH KAZAKHSTAN</small><br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> <small>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</small> </p> |
| <p style="text-align: center;">Резидентура деканаты</p>                                                                                                                            |  | <p>Е 471-2025</p>                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <p style="text-align: center;">«ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже</p>                                                                                                              |  | <p>4-ші басылым<br/>11 беттің 24 беті</p>                                                                                                                                                                                                                           |

- нақты пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ететін жұмыс берушінің мүддесі үшін нысаналы даярлыққа;

- білім беру және ғылыми жетістіктер саласындағы әлемдік деңгейге бағдарлауға;

- жыл сайынғы жаңарту арқылы іске асырылатын БББ ұтқырлығына.

Резидентурада оқу процесін ұйымдастыру оқу процесін жоспарлау, іске асыру, мониторингілеу және іске асыруды талдау кезеңдерін қамтиды:

- оқу процесін жоспарлау кезеңінде білім беру ресурстарын (оқытушылар, клиникалық тәлімгерлер, клиникалық базалар, әдебиеттер) талдау, элективті пәндер каталогын жасау, оқу жұмыс бағдарламаларының жобаларын (бұдан әрі – ОЖБ) жасау, ОӘК құрастыру (жаңарту) жүзеге асырылады;

- БББ іске асыру кезеңі резиденттердің таңдау бойынша міндетті компонент пен компонент пәндерін меңгеруін, сондай-ақ аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Резидентурада оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін пайдалана отырып жүргізіледі.

Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі бір оқу жылындағы 70 академиялық кредитке (2100 академиялық сағат) сәйкес келеді. Резидентурадағы оқу аптасы 5 күннен тұрады. 1 апта оқу-2 кредит. 1 оқу жылы - аралық аттестаттаумен, сондай-ақ бітіру курсына қорытынды аттестаттаумен аяқталатын бір академиялық кезең. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

Резидентурада даярлау аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің (бұдан әрі – РОӨЖ) басшылығымен дербес клиникалық жұмысты және резиденттің (бұдан әрі – РӨЖ) дербес жұмысын қамтиды.

Аудиториялық жұмыс көлемі – 10%, РОӨЖ – 75%, РӨЖ – әр пән көлемінің 15% (толық оқыту), 2022-2023 оқу жылынан бастап – тиісінше 20%, 70%, 10%-ын құрайды.

Резидентурада даярлау таңдалған мамандық бойынша медициналық көмек көрсету деңгейлеріне сәйкес келетін резидентура базаларында тиісті клиникалық/практикалық тәжірибе алу арқылы клиника жағдайында практикалық жұмысты қамтиды.

Көшпелі резидентура орталық аудандық ауруханаларда, моноқалалардың орталық ауруханаларында, қалалық және облыстық клиникаларда, республикалық ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарында өткізіледі.

Резиденттер клиникалық базада дәрігер – мамандардың тиісті қорытындылары бар санитарлық кітапша болған жағдайда ғана оқуға жіберіледі.

Хирургиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық бейіндегі резиденттер вирустық гепатит В және вирустық гепатит С маркерлеріне оң нәтижелер болған кезде мамандық бойынша оқуға жіберілмейді.

Резидент жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) және жеке жұмыс жоспары (бұдан әрі - ЖЖЖ) негізінде білім алады.

|                                                                                                                   |  |                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> ONTÜSTIK-KAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA<br/> AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL<br/> ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| <p>Резидентура деканаты</p>                                                                                       |  | <p>Е 471-2025</p>                                                                                            |
| <p>«ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже</p>                                                                         |  | <p>4-ші басылым<br/>12 беттің 24 беті</p>                                                                    |

БББ, мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде өзі қалыптастыратын және академиялық тәлімгермен келісілетін жеке оқу жоспары. Элективті пәндер туралы ақпарат, олардың қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, элективті пәндер каталогында қамтылған.

Резидент-дәрігердің жеке жұмыс жоспарында клиникалық және ғылыми жұмыс көлемі көрсетіледі.

## 8 КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЛІМГЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ПОҚ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Резидентурада оқу сабақтарын ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі, PhD докторы академиялық дәрежесі бар тұлғалар, сондай-ақ оқытылатын пәннің бейініне сәйкес келетін сертификаты және кемінде 5 жыл өтілі бар дәрігерлер жүргізеді.

Резиденттерде сабақ жүргізетін оқытушылар мынадай құзыреттерге ие болуы тиіс:

- медициналық жоо-да тиімді оқытуға (оқыту әдістері мен технологияларына, интерактивті оқыту технологияларына, тұлғаға бағдарланған оқытуға, тәжірибеге бағдарланған оқытуға);

- медициналық жоо-да бағалау және сараптамаға (білім алушыларды бағалауға, кері байланысқа, білім алушылардың клиникалық дағдыларын бағалауға, оқытуды бағалауға, бағалау құралдарын валидациялауға, тәуелсіз бағалауға, оқу жетістіктерін сырттай бағалауға);

- зерттеу менеджментіне (заманауи статистикалық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға және жүргізу принциптеріне, ғылыми зерттеу нәтижелерін ресімдеуге, медициналық білім берудегі зерттеулерге);

- БББ әзірлеуге (құзыреттерге негізделген ББ жобалаудың жалпы қағидаттарына, модульдік ББ қалыптастыруға, ББ әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, пәннің оқу-әдістемелік кешеніне, ББ бағалауды жүргізуге);

- коммуникативтік (командада жұмыс істеу дағдыларына, көшбасшылық негіздеріне, тәлімгерлікке, уақытты жоспарлауға, ұжымдағы тұлғааралық қатынастарға, жанжалдарды басқаруға, студенттердегі коммуникативтік дағдыларды бағалау әдістеріне);

- ақпараттық – коммуникациялық (ақпаратты іздеуге, өңдеуге, беру және ұсыну дағдыларына, медициналық білім берудегі ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі-акт) мүмкіндіктеріне, электрондық білім беру ресурстарына, оқу процесіне цифрлық білім беру ресурстарын енгізу әдістемелеріне, қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануға);

|                                                                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTIK-KAZAQSTAN<br/> MEDISINA<br/> AKADEMIASY<br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p style="text-align: center;">  SOUTH KAZAKHSTAN<br/> MEDICAL<br/> ACADEMY<br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| Резидентура деканаты                                                                                                                   |  | Е 471-2025                                                                                                                                                                                                         |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                     |  | 4-ші басылым<br>13 беттің 24 беті                                                                                                                                                                                  |

- тілдік (мемлекеттік, орыс тілдерін білу, ағылшын тілін білу де құпталады);
- корпоративтік («ОҚМА» АҚ-ның пайымдауын, миссиясы мен мақсаттарын орындауға, нәтижеге бағдарлануға / жетістіктерді ынталандыруға, университеттің оң имиджін қалыптастыруға, ұйымдастыру дағдыларына, жауапкершілікке және т.б.).

Кәсіби клиникалық құзыреттілік, үздіксіз даму және өзін-өзі жетілдіру.

Резидентура оқытушысында аудиториялық жұмыс көлемі 10% құрайды (толық оқыту); 2022-2023 оқу жылынан бастап – әр пән көлемінің 20% және оқытушы міндетті:

- мамандық бойынша резидентура түлегінің құзыреттілік моделіне сәйкес өз пәні бойынша силлабус әзірлеуге қатысуға;
- инновациялық технологияларды және оқытудың интерактивті әдістерін пайдалана отырып сабақтар өткізуге;
- бақылау-өлшеу құралдарын (бұдан әрі – БӨҚ ) әзірлеуге;
- кезекті академиялық кезең басталғанға дейін «ОҚМА» АҚ ақпараттық жүйесіне силлабус пен БӨҚ-лер орналастыруға;
- резиденттерге олардың пән бойынша құзыреттерін игеру барысы туралы кері байланыс беруге;
- резиденттерден оқу пәнінің/модульдің мазмұнына кері байланыс жинауды жүзеге асыруға, қажет болған жағдайда пәннің силлабусына тиісті өзгерістер енгізуге;
- «Платонус» бағдарламасында электрондық журналды уақтылы толтыруға;
- резидентура деканатын резиденттердің рұқсаттамалары туралы уақтылы хабардар етуге;
- қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен, жабдықтармен қамтамасыз етуге өтінімдер жіберуге;
- адал ниетпен жұмыс істеуге, лауазымдық нұсқаулықтарда, еңбек шартында, ұжымдық шартта, ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген міндеттерді орындауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға, өндірістік санитария және гигиена, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
- өзін абыроймен ұстауға, мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға, білім алушылармен, ата-аналармен және ұжым мүшелерімен ұқыпты және сыпайы болуға, резиденттерге үлгі болуға.

Резидентура оқытушысы міндетті:

- оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар, санитарлық-гигиеналық нормаларға және еңбекті қорғау нормаларына сәйкес жабдықталған, қажетті құралдармен жабдықталған жұмыс орнын алуға;
- оқыту әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды таңдау және пайдалану еркіндігіне;
- резиденттердің білімін ағымдағы бағалау әдістерін таңдау еркіндігіне;

|                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|
| <p>ONTÜSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |                                   |
| Резидентура деканаты                                                                                                                                                                                                                                            | Е 471-2025                        |
| «ОҚМА» АҚ резидентура туралы ереже                                                                                                                                                                                                                              | 4-ші басылым<br>14 беттің 24 беті |

- резиденттерді санитарлық кітапшасыз клиникалық базада жұмысқа жібермеуге.

## 9 РЕЗИДЕНТТЕРГЕ БАСШЫЛЫҚ

Резидентурада оқыту ПОҚ және клиникалық тәлімгердің басшылығымен жүзеге асырылады.

Практикалық құзыреттерді тиімді игеру үшін резиденттер клиникалық базада жұмыс істеуге клиникалық тәлімгерлерді тартады.

Клиникалық тәлімгерлерді кафедралар мен резидентура деканаты бірлесіп тағайындайды және ғылыми кеңес бекітеді. Клиникалық тәлімгер тиісті мамандық бойынша сертификаты және кемінде 5 жыл өтілі бар резидентура базаларында жұмыс істейтін білікті практикалық денсаулық сақтау мамандарының арасынан тағайындалады.

РОӨЖ клиникалық тәлімгердің басшылығымен жүргізіледі.

РОӨЖ резидент жұмысының аудиториядан тыс түрі болып табылады және 75% - (құрайды (толық оқыту); 2022-2023 оқу жылынан бастап – жүктеменің 70% -ын құрайды және мыналарды қамтиды:

- таңертеңгі дәрігерлік конференцияларға қатысуды;
- диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына және медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес пациенттерді курациялауды (жүргізуді)/ қабылдауды, рецепттер жазуды, дәрі-дәрмектерді тегін беруді ұйымдастыруды, клиникалық тәлімгердің басшылығымен үйде шақыруларға қызмет көрсетуді
- аралауларға, консилиумдарға, клиникалық талдауларға, патологиялық-анатомиялық конференцияларға қатысуды, операцияларды жүргізу немесе ассистенттеуді және т. б.;
- қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізуге қатысуды;
